# ҚАЗАҚ ТІЛІ

**Оқулық**

Бастауыш білім беру деңгейінің
3-сынып оқушыларына арналған
(оқыту қазақ тілінде емес)

**1-бөлім**

ПРОЕКТ

– Оқиық

– Жазайық

– Тыңдайық

– Айтайық

– Сөйлесейік

ОЙҚОЗҒАУ

БЕЙНЕМАТЕРИАЛ КӨРЕЙІК

РӨЛДІК ОЙЫН

ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС

ТОПТЫҚ ЖҰМЫС

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАПСЫРМА

ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМА

– аудио, бейнематериалдар (мұғалім сыныпта, оқушы үйде пайдаланады)

**Оқулықта QR-кодты қолдану бойынша нұсқаулық**

1. Смартфон немесе планшетіңіздің камерасын QR-кодқа бағыттаңыз.
2. Сілтеме пайда болғанша күтіңіз.
3. Қажетті ресурсқа өту үшін «ОК»-ді басыңыз.

Егер сіздің құрылғыңыз QR-кодты анықтай алмаса, онда QR-кодты оқуға арналған кез келген тегін қосымшаны жүктеп алыңыз. Мысалы, QR Code Reader-ді Google Play Market және App Store қосымшалар дүкенінен жүктеп алуға болады.

Оқу-әдістемелік кешеннің құрамына оқулық және әдістемелік нұсқаулық кіреді. «Қазақ тілі» электрондық оқулығымен баспаның web-платформасында таныса аласыз.

ПРОЕКТ

**Құрметті оқушы!**

Сен Қазақстан Республикасында тұрасың.

Қазақстан – сенің туған жерің, туған елің. Қазақстан – сенің Отаның. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тілі – қазақ тілі.

Осы оқулық арқылы сен қазақ тілін – мемлекеттік тілді үйренесің, тіл әлемінің ғажайып сырын ашасың.

Сәт сапар, жас дос!




ПРОЕКТ

I БӨЛІМ

# Жанды табиғат

БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ: **Мейірімді бол! Табиғатты қорға!**




ҚАРЛЫҒАШ – қазақ тілін үйренуге көмектесетін ақылды дос.



## Осы бөлімде:

- *табиғат тақырыбындағы сөздерді дұрыс айтуды және жазуды;*
- *мазмұн бойынша болжам жасауды;*
- *мәтінді мәнерлеп оқып, негізгі ойды түсінуді;*
- *тыңдаған /оқыған мәтін бойынша сұрақтарға жауап беруді;*
- *ертегі мазмұнын түсініп, тірек сұрақтар бойынша ертегі туралы айтуды;*
- *тірек сөздер бойынша мазмұндауды;*
- *сурет және тірек сұрақтар бойынша шағын мәтін жазуды;*
- *тақырып бойынша өз ойыңды айтуды үйренесің.*




### *Синквейн құрылымы:*

1. Не? (1 сөз) ***лақ***
2. Қандай? (2 сөз) ***кішкентай, ақ***
3. Не істейді? (3 сөз) **жүгіреді, жейді, өседі**
4. Сөйлем (4 сөзден) **Менің ақ лағым бар.**
5. Тақырыпқа жақын сөз (1 сөз) **үй жануары**



## Мен неге ұшпаймын?




**Шығарма** туралы айтып үйренейік!

ертегі
әңгіме
өлең
тақпақ
ән

Ертегі туралы айт

Ертегі қалай аталады?

Ертегі не туралы?

Саған бұл ертегі ұнады ма?

Бұл ертегі «Мен неге ұшпаймын?» деп аталады. Ертегі кішкентай лақ пен қарлығаш туралы. Маған бұл ертегі ұнады, себебі ол қызық және қиын емес.

# 1-сабақ Алақай, күз келді!

ОЙҚОЗҒАУ

Суретке қара. Сұрақтарға жауап бер. Өз ойыңды айт.

*Бұл қай жыл мезгілі?*
*Саған қай мезгіл ұнайды?*

- қыс
- көктем
- жаз
- күз



Кім?
Не?
Неше?
Қандай?
Қайда?
Не істейсің?
Нешінші?

Сенің атың ...?
Сен ... жастасың?
Сен ... тұрасың?
Сен ... сыныпта оқисың?
Сен қазір ... отырсың?
Сен сабақта ...?

**1-тапсырма.** Тыңда. Толықтырып айт. Сұрақтарға жауап бер.

Оқы. Жаңа сөздерге назар аудар.
Тыңда. Қайтала. Дұрыс айт.

Маған күз **мезгілі** ұнайды.
Қарашы, **табиғат** қандай әдемі!
Жапырақтың түсі қызыл.

жаңа сөздер

мезгіл
табиғат
түс

**2-тапсырма.** Оқы. Сәйкес тақырыпты таңда.

**Табиғат туралы** **Мектеп туралы**

| | |
|---|---|
| **1** | Алақай, күз келді! Күзде күн салқын болады. Күзде жаңбыр жауады. Маған күз мезгілі ұнайды. |
| **2** | Алақай, күз келді! Күзде біз мектепке барамыз. Күзде сабақ басталады. Маған күз мезгілі ұнайды. |
| **3** | Алақай, күз келді! Күзде жапырақтардың түсі қызыл, сары, қоңыр болады. Біз күзде әдемі жапырақтарды жинаймыз. Маған күз мезгілі ұнайды. |

**3-тапсырма.** Үлгі бойынша сызбаны толтыр.

күз салқын
**1-мәтін**
ұнайды жаңбыр

**2-мәтін**

**3-мәтін**

**4-тапсырма.** Толықтырып оқы.

1. Маған күз мезгілі ... . 2. Күзде күн салқын ... . 3. Күзде жаңбыр ... . 4. Мен күзде жапырақтарды ... . 5. Жапырақтардың түсі қызыл, сары, қоңыр ... . 6. Мен күзде мектепке ... . 7. Мектепте сабақ ... .

**Есте сақта!**

| | |
|---|---|
| Маған күз мезгілі ұнайды. | Күзде жапырақтар әдемі болады. |

Маған күз мезгілі ұнайды, **себебі** күзде жапырақтар әдемі болады.

**5-тапсырма.** Толықтырып айт. Жаз.

Қазір ... мезгілі. Қазір ... айы.
Маған күз мезгілі ... (ұнайды, ұнамайды), себебі күзде ... .

**6-тапсырма.** Кел, сөйлесейік!

Қазір қай жыл мезгілі?

Қазір қай ай?

Күзде күн қандай болады?

Күзде не жауады?

Күзде жапырақтардың түсі қандай болады?

Күзде балалар қайда барады?

Саған күз мезгілі ұнай ма?

Ойлан. Бір жауапты таңда. Толықтырып айт.

**Мен сабақта ...**

| сұрақтарға жауап бердім | сөздерді қайталадым | мәтін оқыдым | күз мезгілі туралы сөйлестім |
|---|---|---|---|

ПРОЕКТ

# 2-сабақ Саябақта

ОЙҚОЗҒАУ

Суретке қара. Ойлан. Сурет бойынша бес сөз жаз. Сыныптағы басқа оқушылардың жауабымен салыстыр. Қандай сөздер жиі қайталанды?

1) ағаш
2) ______
3) ______
4) ______
5) ______



**1-тапсырма.** Сурет бойынша өз ойыңды айт.

Бұл қай жыл мезгілі деп ойлайсың?

Менiңше, бұл … , себебі … .

**2-тапсырма.** Суретке қара. Сұраққа жауап бер.

**Бұл қандай гүл?**



б____________



қ______________

бәй
ғал
қыз
дақ
шек
ше

Оқы. Жаңа сөздерге назар аудар.
Тыңда. Қайтала. Дұрыс айт.

жаңа сөздер

**Қызғалдақ** – әдемі гүл.
Саябақта әдемі гүлдер **өседі.**
Гүл – **өсімдік.**
**Шөп** – өсімдік.

қызғалдақ
өсу [өсүу]
өсімдік [өсүмдүк]
шөп

**3-тапсырма.** Оқы. Сұрақтарға жауап бер. Жаз.

Менің атым – Арай. Мен сегіз жастамын. Маған көктем мезгілі ұнайды, себебі көктемде күн жылы. Саған көктем мезгілі ұнай ма?

Мынау – біздің саябақ. Саябақ үлкен, әдемі. Біз саябақта демаламыз, ойнаймыз.

Саябақта гүлдер өседі. Гүл – әдемі өсімдік. Мынау – қызғалдақ. Оның түсі қызыл. Қызғалдақ – көктемнің гүлі. Маған қызыл және ақ түсті қызғалдақтар ұнайды. Ал мынау гүл ме? Жоқ, бұл – гүл емес, шөп.

| | |
|---|---|
| 1. Саябақ қандай? | |
| 2. Саябақта не өседі? | |
| 3. Гүл қандай өсімдік? | |



Мәтінге тақырып қой.
Сөздердің қарсы мағынасын жаз: *жылы, үлкен, ақ*
Қызғалдақ гүлін сипаттап айт.

**4-тапсырма.** Толықтырып айт. Тыңда. Тексер. Жаз.

| | | |
|---|---|---|
| Кім? | бала, ..., ... | **бала** гүл |
| Не? | ағаш, ..., ..., ... | **үлкен** әдемі |
| Қандай? | үлкен, ..., ... | ата шөп |
| | | **ағаш** сары |
| | | әже жапырақ |

**5-тапсырма.** Жапырақты түсіне қарай таңда.
Өзара сөйлес.

ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС

Қазір қай жыл мезгілі?

Күзде күн қандай болады?

Гүл қандай өсімдік?

Көктемде қандай гүлдер өседі?

Күзде жапырақтардың түсі қандай болады?

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

**Қызғалдақ** – Қазақстанның символы.



Ойлан. Бір жауапты таңда. Толықтырып айт.

**Мен сабақта ...**

| сұрақтарға жауап бердім | сұрақтарды қайталадым | мәтін оқыдым | сурет бойынша сөздер жаздым |
|---|---|---|---|

# 3-сабақ Үй жануарлары

**1-тапсырма.** Тыңда. Үй жануарларын ата.


1


2


3


4


5

жаңа сөздер

түйе [түйө]
жылқы
сиыр [сыйыр]
қой
ешкі

**2-тапсырма.** **А** Диалогті тыңда. Сәйкес тақырыпты таңда.
**Ә** Қайтадан тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

**А**
- **Ешкі туралы**
- **Түйе туралы**

**Ә**
1. Бала қандай үй жануарын көрді?
2. Ол қандай жануар?

**3-тапсырма.** Үлгі бойынша бір үй жануары туралы айт. Жаз.

Мынау – жылқы. Ол үлкен.
Жылқы – пайдалы үй жануары.

пайдалы | үлкен | кішкентай



*Назар аудар!*

**жылқы – ат** | Маған **ат** спорты ұнайды. Мен **атқа** мінемін.

ПРОЕКТ

**4-тапсырма.** Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Менің атым – Әсет. Мен тоғыз жастамын. Мен ауылда тұрамын. Ауылда үй жануары көп. Олар: түйе, жылқы, сиыр, қой және ешкі.

Маған жылқы ұнайды. Меніңше, жылқы – өте әдемі, ақылды және күшті жануар. Ол су ішеді, шөп жейді.

1. Әсет қайда тұрады?
2. Әсетке қандай үй жануары ұнайды?
3. Жылқы қандай жануар?



Жеке пікір: ойыңды дәлелде

себебі | сондықтан | ал | бірақ

**Саған қандай үй жануары ұнайды? Неге?**

**5-тапсырма.** Суретке қара. Жылқы туралы айт.



Тірек сұрақтар

- Бұл не?
- Оның түсі қандай?
- Ол не жейді, не ішеді?
- Саған бұл жануар ұнай ма?
- Жылқы қандай жануар?

Ойлан. Бір жауапты таңда. Толықтырып айт.

**Мен сабақта ...**

| жаңа сөздер үйрендім | мәтін оқыдым | сұрақтарға жауап бердім | жылқы туралы айттым |
|---|---|---|---|

ПРОЕКТ

# 4-сабақ Кішкентай лақ

**1-тапсырма.** Тыңда. Үй жануарларының төлдерін ата.




жаңа сөздер

бота
құлын [құлұн]
бұзау
қозы [қозұ]
лақ

**2-тапсырма.**

**А** Мәтінді тыңда. Сұраққа жауап бер.

**Ә** Қайтадан тыңда. Сәйкес жауапты таңда. Оқы.

**А** **Мәтін не туралы?**

**Ә**
1. Мынау – **қозы/лақ.**
2. Оның түсі **ақ/қара.**
3. Ол **ойнайды/секіреді.**
4. Ол **су/сүт** ішеді.
5. Ол **жүзеді/өседі.**

Оқы. Жаңа сөздерге назар аудар.
Тыңда. Қайтала. Дұрыс айт.

Түйенің **төлі** – бота.
Бота **сүйкімді.**

жаңа сөздер

төл
сүйкімді [сүйкүмдү]

**3-тапсырма.** Ойлан. Толықтырып айт.

қозы құлын лақ бота бұзау

Түйенің
Жылқының
Сиырдың
Қойдың
Ешкінің

төлі –

ПРОЕКТ

**Есте сақта!**

жүгіреді – жүгіру
секіреді – секіру
өседі – өсу
ішеді – ішу
жейді – жеу
ойнайды – ойнау



Мен жүгіремін
Сен жүгіресің
Сіз жүгіресіз
Ол жүгіреді

Мен жүгіремін – Біз жүгіреміз
Ол жүгіреді – Олар жүгіреді

**4-тапсырма.** Үлгі бойынша айт. Жаз.

| | | |
|---|---|---|
| 1 | жеу | Жылқы шөп ***жейді***. |
| 2 | секіру | Лақ жақсы … . |
| 3 | ішу | Түйе су … . |
| 4 | жеу | Сиыр шөп … . |
| 5 | өсу | Қозы тез … . |

**5-тапсырма.** Толықтырып оқы.

1. Түйенің төлі – … (лақ, бота). 2. Маған бота … (ұнайды, көреді). 3. Бота … (сүйкімді, ұқыпты). 4. Оның түсі … (қара, ақ). 5. Ол су … (жейді, ішеді).

**6-тапсырма.** Сурет және тірек сұрақтар бойынша лақ туралы жаз.



Тірек сұрақтар

- Бұл не?
- Ол кішкентай ма, үлкен бе?
- Ол не ішеді?
- Сенің ойыңша, ол қандай үй жануары?
- Ол саған ұнай ма?

Ойлан. Бір жауапты таңда. Толықтырып айт.

**Мен сабақта ...**

| | | | |
|---|---|---|---|
| жаңа сөздер үйрендім | сөйлемдер құрадым | сұрақтарға жауап бердім | лақ туралы жаздым |

ПРОЕКТ

# 5-сабақ Менің қошақаным

**1-тапсырма.** Тыңда. Ойлан. Өз ойыңды айт.

**Бұл ертегі** ме?
**Жұмбақ** па?
**Тақпақ** па?
**Мақал** ма?
**Ән** бе?

Меніңше, бұл – ... .
Ол ... туралы.

**2-тапсырма.** **А** Диалогті тыңда. Толықтырып айт.
**Ә** Қайтадан тыңда. Сұраққа сәйкес екі жауапты таңда.

**А**

**Әкесі мен баласы ... туралы сөйлесті.**

жұмбақ | ертегі | мақал

**Ә**

**1. Ертегілер қалай аталады?**

«Бес ешкі» | «Он ешкі» | «Жеті ешкі» | «Екі лақ»

**2. Ертегіде лақтардың түсі қандай?**

көк | ақ | қара | сұр



***Есте сақта!***

лақ – менің лағым
күшік – менің күшігім
доп – менің добым

қ – ғ
к – г
п – б

менің лағым
сенің лағың
сіздің лағыңыз
оның лағы

ПРОЕКТ

**4-тапсырма.** Толықтырып оқы. Жаз.

| | |
|---|---|
| жапырақ | Ағаштың ***жапырағы*** жасыл. |
| лақ | Менің ақ ____________ бар. |
| күшік | Сіздің ____________ қандай? |
| құлыншақ | Оның ____________ бар ма? |
| мысық | Менің ____________ жоқ. |

қ – ғ
к – г

**5-тапсырма.** Сөйлемдерді ажыратып оқы. Көшіріп жаз. Қажетті тыныс белгілерін қой.

| бас әріп кіші әріп | нүкте | үтір | сызықша | сұрақ белгісі | леп белгісі |
|---|---|---|---|---|---|
| А а | . | , | – | ? | ! |

сәлемсанжарменжаздаауылғабарамынауылдаменің кішкентайқошақанымбаролжүгіредіойнайдыменоны жақсыкөремін

Қосымша тапсырма:
Бірге ән айтайық!

БЕЙНЕМАТЕРИАЛ
КӨРЕЙІК

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Қазақ халқы баланы «құлыным», «ботам», «қошақаным» деп еркелетеді.



Ойлан. Бір жауапты таңда. Толықтырып айт.

**Мен сабақта ...**

| ән тыңдадым | сұрақтарға жауап бердім | сөздерді қайталадым | хат оқыдым |
|---|---|---|---|

ПРОЕКТ

# 6-сабақ Мен неге ұшпаймын?

ОЙҚОЗҒАУ Еске түсір. Қарлығаш пен лақ туралы не білесің?



Сен не білесің?



**1-тапсырма.** Суретке қара. Ертегіні тыңда. Ертегі кейіпкерлерін ата.




1

Ботақан мен қошақан кішкентай ақ лаққа келеді.

– Ақ лақ, жүр ойнайық!
– Жоқ, ойнамаймын.
– Ақ лақ, жүр көлге барайық!
– Жоқ, бармаймын.
– Ақ лақ, саған не болды? Сен үнемі көңілді жүресің. Бүгін неге көңіл күйің жоқ?

2

Ақ лақ аспанға қарайды. Аспанда қарлығаштар ұшып жүр.




ПРОЕКТ

**2-тапсырма.** Суретке қара. Сұрақтарға жауап бер.

| |
|---|
| Қарлығаштың неше қанаты бар? |
| Қарлығаштың неше аяғы бар? |
| Қарлығаштың құйрығы қандай? |

**ұзын – қысқа**




3




Ақ лақ қарлығашқа барады.

– Қарлығаш, айтшы, сен қалай ұшасың? Мен неге ұшпаймын?

– Кішкентай ақ лақ, менің қанатым бар. Маған екі қанатым мен құйрығым көмектеседі.

– Менің құйрығым бар. Бірақ қанатым жоқ.

– Сен үй жануарысың, мен құспын. Құстардың қанаты болады.

– Менің қанатым жоқ...

– Иә, ақ лақ, сенің қанатың жоқ, сен ұшпайсың, бірақ сен жүгіресің, секіресің. Қарашы, бұл қандай керемет!

4




– Қарлығаш, қарашы, мен секіремін! Алақай, мен жүгіремін, мен секіремін! Қарлығаш, сен қандай ақылдысың!

Рақмет саған, қарлығаш! Мен достарыма барамын!

– Жолың болсын, ақ лақ!

**3-тапсырма.** Ертегіні қайтадан тыңда. Сюжеттің даму желісі бойынша орналастыр.

| | | |
|---|---|---|
| А | Ақ лақ достарымен ойнамайды. | 1 |
| Ә | Ақ лақ достарына барады. | |
| Б | Лақ қарлығашпен сөйлеседі. | |
| В | Лақ қуанады. | |
| Г | Ақ лақ қарлығашқа барады. | |

**РӨЛДІК ОЙЫН**

- Ертегіні рөлге бөліп оқыңдар.
- Ертегіні рөлге бөліп ойнаңдар.

**4-тапсырма.** Ойлан. Толықтырып оқы. Құстарды ата. Жаз.


1


2


3

Қ Ғ

…арлы…аш

тор…ай

…ар…а

**5-тапсырма.** Толықтырып оқы. Өзіңе ұнайтын құс туралы айт.

Маған … ұнайды. Оның түсі … . Оның екі … бар. Ол ұшады.

**6-тапсырма.** Ертегі туралы өзара сөйлес. Жаз.

- Ертегі қалай аталады?
- Ертегі не туралы?




**ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ**

**Қарлығаш** – киелі құс.



Ойлан. Бір жауапты таңда. Толықтырып айт.

**Мен сабақта ...**

| | | | |
|---|---|---|---|
| ертегі тыңдадым | сөздерді қайталадым | құстар туралы айттым | ертегі туралы жаздым |

ПРОЕКТ

# 7-сабақ Әдемі көбелек

ОЙҚОЗҒАУ

Суретке қара. Сөздердің алғашқы әріптерінен тақырыппен байланысты сөзді тап.

     

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ә | | | і | |

**1-тапсырма.** Мәтіндерді шолып оқы. Әр мәтінге сәйкес суретті тап. Жәндікті ата.








**А** Мынау – құмырсқа. Ол – кішкентай жәндік. Құмырсқа қара, қоңыр, қызыл түсті болады. Оның алты аяғы бар. Ол – еңбекқор жәндік.

**Ә** Мынау – көбелек. Ол – кішкентай жәндік. Көбелектің төрт қанаты бар. Ол ұшады, гүлге қонады. Көбелек – әдемі жәндік.

**Б** Мынау – ара. Ол кішкентай. Оның түсі қара және сары болады. Араның екі үлкен, екі кішкентай қанаты бар. Ол ұшады. Ол – пайдалы жәндік.

ПРОЕКТ

Оқы. Жаңа сөздерге назар аудар.
Тыңда. Қайтала. Дұрыс айт.

жаңа сөздер

Көбелек – әдемі **жәндік.**
**Ара** – пайдалы жәндік.
Мынау – **құмырсқа.**
Құмырсқа – **еңбекқор** жәндік.

жәндік
ара
құмырсқа [құмұрсқа]
еңбекқор

**2-тапсырма.** Қайтадан оқы. Дұрыс, бұрыс жауапты тап.

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Құмырсқаның екі аяғы бар. | |
| 2 | Құмырсқаның түсі қара және қызыл болады. | |
| 3 | Көбелек – кішкентай жәндік. | |
| 4 | Көбелек ұшады, гүлге қонады. | |
| 5 | Ара жақсы жүзеді. | |
| 6 | Ара гүлдерді жақсы көреді. | |

**3-тапсырма.** Толықтырып оқы. Тыңда. Тексер.

1. Ара – пайдалы … .
2. Дельфин – ақылды … .
3. Құмырсқа – еңбекқор … .
4. Піл – үлкен … .
5. Көбелек – кішкентай … .
6. Гүл – әдемі … .
7. Қарлығаш – мейірімді … .






**Есте сақта!**




| БІРЕУ | КӨП |
|---|---|
| ара | ара**лар** |
| құмырсқа | құмырсқа**лар** |
| көбелек | көбелек**тер** |
| жәндік | жәндік**тер** |

ПРОЕКТ

**4-тапсырма.** Толықтырып айт.

| -лар, -лер | -дар, -дер | -тар, -тер |
| --- | --- | --- |
| ара | аң | көбелек |
| құмырсқа | гүл | жәндік |
| торғай | көгершін | өсімдік |
| қарға | піл | құс |
| түйе | балапан | ағаш |
| жануар | қаз | қызғалдақ |

**5-тапсырма.** Сұраққа жауап бер. Жаз. Бұл не? Ол ұша ма?








| Ол ұшады | Ол ұшпайды |
| --- | --- |
| | |

**6-тапсырма.** Бір жәндік туралы айт. Жаз.



Тірек сұрақтар

- Саған қандай жәндік ұнайды?
- Ол үлкен бе, кішкентай ма?
- Оның түсі қандай?
- Оның қанаты бар ма?
- Ол ұша ма?
- Ол қандай жәндік?

Ойлан. Бір жауапты таңда. Толықтырып айт.

**Мен сабақта ...**

| жаңа сөздер үйрендім | мәтін оқыдым | сұрақтарға жауап бердім | жәндік туралы жаздым |
| --- | --- | --- | --- |

ПРОЕКТ

# 8-сабақ Құстар

**1-тапсырма.** Тыңда. Құстарды ата.

2

1

3

4

5


жаңа сөздер

балапан
тауық [тауұқ]
әтеш
үйрек [үйрөк]
көгершін [көгөршүн]

Оқы. Жаңа сөздерге назар аудар.
Тыңда. Қайтала. Дұрыс айт.

Мен құстарға **ұя** жасаймын.
Құстар **жем** жейді.
Құстар табиғатты **қорғайды.**

жаңа сөздер

ұя [ұйа]
жем
қорғау

**2-тапсырма.** Толықтырып оқы. Жаз. (Не істейді?)

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **ішу** | **беру** | **қорғау** | **жасау** | **жеу** |

Адамдар құстарға су береді.
Адамдар құстарға ұя ... .
Адамдар құстарды ... .

Құстар су ... .
Құстар жем ... .
Құстар табиғатты ... .

ПРОЕКТ

**3-тапсырма.** Толықтырып оқы. Өзара сөйлес.





**1**
– Құстар не жейді, не ішеді?
– Құстар ... жейді, ... ішеді.

**2**
– Адамдар құстарға не жасайды?
– Адамдар құстарға ... жасайды.

**3**
– Құстар пайдалы ма?
– Иә, құстар пайдалы. Құстар табиғатты ... .

**4**
– Сен құстарды қорғайсың ба?
– Иә, мен құстарды ... .

**4-тапсырма.** Сөздерді аяқта. Тыңда. Буынға бөліп айт.

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| тор | ... | қар | лы | ... | қар | ... |
| үй | ... | кө | гер | ... | та | ... |



**5-тапсырма.** Оқы. Синквейнді толықтыр. Жаз.

Мынау – тауық. Тауық – үй құсы. Оның бес балапаны бар. Балапандардың түсі сары. Балапандар кішкентай және сүйкімді. Олар жем жейді, су ішеді. Олар тез өседі. Мен кішкентай балапандарды қорғаймын.

1. Не? *(1 сөз)* *<u>балапан</u>*
2. Қандай? *(2 сөз)* __________ __________
3. Не істейді? *(2 сөз)* __________ __________
4. Сөйлем *(4 сөзден)* ____________________
5. Тақырыпқа жақын сөз? (1 сөз) *<u>құс</u>*



Ойлан. Бір жауапты таңда. Толықтырып айт.

**Мен сабақта ...**

| жаңа сөздер үйрендім | құстар туралы сөйлестім | сөздерді қайталадым | синквейн құрастырдым |
|---|---|---|---|

ПРОЕКТ

# 9-сабақ Табиғат әлемі

ОЙҚОЗҒАУ

Суретке қара. Сұрақтарға жауап бер. Ойыңды айт. Араның неше көзі бар? Дельфиндер қалай ұйықтайды?






ұйықтау



өсу



ішу

1-тапсырма. Үлгі бойынша айт.

**Мынау – көбелек.**
**Ол ұшады.**

**ұшу**





**жүзу**

**секіру**





**жүру**

**ойнау**





**жүгіру**

**жеу**



***Назар аудар!***

**Пілдің:**



– басы
– көзі
– тұмсығы
– құлағы
– мойны
– аяғы
– құйрығы

ұзын – қысқа

үлкен – кішкентай

**2-тапсырма.** Оқы.
Үлгі бойынша сөйлес.

Көз.

Пілдің көзі кішкентай.

ОЙҚОЗҒАУ

## ТАБИҒАТ ӘЛЕМІ ҚЫЗЫҚ

- Піл секіре алмайды. Оның аяғы қысқа.
- Дельфиндер бір көзін ашып ұйықтайды.

Сен қандай қызық ақпарат білесің?



ПРОЕКТ

Оқы. Жаңа сөздерге назар аудар.
Тыңда. Қайтала. Дұрыс айт.

Табиғат әлемі қызық.
Андар қайда мекендейді?

**жаңа сөздер**

әлем
мекендеу

**3-тапсырма.** Толықтырып оқы.

1. Сиыр шөп **жейді.**
2. Ара гүлге ... .
3. Балық суда ... .
4. Құстар аспанда ... .
5. Қызғалдақ тауда ... .

ұшу, өсу, жеу, жүзу, қону



**Есте сақта!**

| | |
|---|---|
| ойнайды – ойнамайды | жүзеді – жүзбейді |
| жүреді – жүрмейді | қонады – қонбайды |
| жүгіреді – жүгірмейді | ішеді – ішпейді |
| секіреді – секірмейді | ұшады – ұшпайды |
| жейді – жемейді | өседі – өспейді |

**4-тапсырма.** Үлгі бойынша айт. Жаз.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 |  | ұшу | | *Ара **ұшады**, бірақ **жүзбейді**.* |
| | | жүзу | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 |  | жүру | |
| | | секіру | |
| 2 |  | жүзу | |
| | | жүру | |
| 3 |  | жүгіру | |
| | | ұшу | |
| 4 |  | жүзу | |
| | | ұшу | |
| 5 |  | секіру | |
| | | ұшу | |
| 6 |  | ұшу | |
| | | жүзу | |

ПРОЕКТ

**5-тапсырма.** Кесте бойынша айт.

| Ол қайда мекендейді? | | |
|---|---|---|
|  |  |  |
| тауда | суда | орманда |

**6-тапсырма.**

**А** Диалогті тыңда. Жұмыс дәптеріндегі кестені толтыр.

**Ә** Кесте бойынша ара туралы айт.

**А**

1. Аралар қайда мекендейді?
2. Араның неше аяғы бар?
3. Араның неше қанаты бар?
4. Араның неше көзі бар?
5. Аралар қандай түсті көрмейді?

**Ә** Ара туралы айт.



**ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ**

Құстың ұясын, құмырсқаның илеуін бұзба!



Ойлан. Бір жауапты таңда. Толықтырып айт.

**Мен сабақта ...**

| диалог тыңдадым | сөздерді қайталадым | жаңа сөздер үйрендім | ара туралы айттым |
|---|---|---|---|

ПРОЕКТ

# 10-сабақ Менің ойымша, ...

ОЙҚОЗҒАУ Суретке қара. Мәтін туралы болжам жаса. Мәтін не туралы деп ойлайсың?

**1-тапсырма.** Мәтінді шолып оқы. Сұрақтарға жауап бер. Бұл әңгіме ме? Өлең бе? Ертегі ме? Мақал ма?

1

... Асан досына өз жерінен бөліп береді. Бір күні Қасен жерден алтын тауып алады. Қасен Асанға:




– Асан, мына алтын сенікі! – дейді.

– Жоқ, алтынды сен тауып алдың, алтын сенікі! – дейді Асан.

2

Олар карияға барады. Қарияның төртінші шәкірті: «Мен бұл алтынға ғажайып бақ өсіремін», – дейді. Қария алтынды төртінші шәкіртіне береді. Жас жігіт жолға шығады.



Тыңда. Қайталa. Жаңа сөздерді есте сақта.

қария шәкірт саудагер тауып алу өсіру босату










3

Жас жігіт жолда саудагерді көреді. Жас жігіт алтынды саудагерге береді. Саудагер құстарды босатады.




4

Мейірімді құстар ғажайып бақ өсіреді. Бақта адамдар мен жан-жануарлар демалады.

*(Ертегінің бейімделген үзіндісі)*

**2-тапсырма.** Ертегіні тыңда. Сәйкес тақырыпты таңда.

Жас жігіт пен саудагер

Ғажайып бақ

Қария мен шәкірті

Екі дос

**3-тапсырма.** Ертегіні шолып оқы. Ертегі кейіпкерлерін ата.

**4-тапсырма.** Ертегіні оқы. Сюжеттің даму желісіне қарай ретімен орналастыр.

| | | |
|---|---|---|
| А | Бір күні Қасен алтын тауып алады. | |
| Ә | Жас жігіт жолда құстарды босатады. | |
| Б | Асан Қасенге өз жерінен бөліп береді. | |
| В | Қария алтынды төртінші шәкіртіне береді. | |
| Г | Асан мен Қасен қарияға барады. | |
| Ғ | Құстар ғажайып бақ өсіреді. | |

Шығарма (ертегі, әңгіме, өлең, тақпақ, ән) туралы өз ойыңды айт. Үлгімен таныс.

**Саған бұл ертегі ұнады ма?**

Маған бұл ертегі ... , себебі ол ... .

+ ұнады → қызық/қиын емес

– ұнамады → қызық емес /қиын

**5-тапсырма.** Ертегі туралы айт. Жаз.

Ертегі туралы айт

Ертегі қалай аталады?

Ертегі не туралы?

Саған бұл ертегі ұнады ма?



Ойлан. Бір жауапты таңда. Толықтырып айт.

**Мен бүгін сабақта ...**

| құстар туралы ертегі оқыдым | өз ойымды айттым | жаңа сөздер үйрендім | өз ойымды жаздым |
|---|---|---|---|

ПРОЕКТ

# 11-сабақ Кел, қайталайық!

**1-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Үлгі бойынша сөйлес.

**1-оқушы:** Бірінші қатар, бесінші сурет.
**2-оқушы:** Бұл – көбелек. Көбелек – жәндік.

Аң ба?
Құс па?
Жануар ма?
Өсімдік пе?
Жәндік пе?


1

2

3

4

5


1

2

3

4

5


1

2

3

4

5

**2-тапсырма.** Кесте бойынша бөліп ата.

| | | | |
|---|---|---|---|
| **АҢДАР** | | | |
| **ҚҰСТАР** | | | |
| **ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫ** | | | |
| **ЖӘНДІКТЕР** | | | |
| **ӨСІМДІКТЕР** | | | |

ПРОЕКТ

Тыңда. Ойлан. Сен қалай айтар едің?

**Әндетіп айтайық!**



Айналаға қара,
Ұшып келді ара.
Ұшып келді ара,
Абайлашы, бала!

**3-тапсырма.** Үлгі бойынша айт. Үлгі: ұшу – ұшады.

| | | | |
|---|---|---|---|
| ұшу | жүгіру | жеу | ойнау |
| жүзу | секіру | ішу | ұйықтау |
| жүру | өсу | өсу | мекендеу |

**4-тапсырма.** Суретке қара. Таңда. Синквейн құрастыр.



1. Не? *(1 сөз)* ______
2. Қандай? *(2 сөз)* ______ ______
3. Не істейді? *(3 сөз)* ______ ______ ______
4. Сөйлем *(4 сөзден)* ______ ______ ______ ______
5. Тақырыпқа жақын сөз *(1 сөзден)* ______

Жеке пікір: ойыңды дәлелде

себебі
сондықтан
ал
бірақ

**Саған қандай жәндік ұнайды?**

**Неге?**

ПРОЕКТ

**5-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Суреттерді мәтін мазмұны бойынша ретімен орналастыр.

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| | | | |













**6-тапсырма**. Қайтадан тыңда. Мәтінге қатысты сөздерді таңда. Тірек сөздер бойынша мазмұнда.

| | | |
|---|---|---|
| анасы | әкесі | ағасы |
| ағаш | шөп | гүл |
| құмырсқа | көбелек | ара |
| жануар | өсімдік | құс |

Ойлан. Бір жауапты таңда. Толықтырып айт.

| Мен сабақта ... | | | |
|---|---|---|---|
| ән айттым | мәтін тыңдадым | сөздерді қайталадым | суретпен жұмыс істедім |

## 12-сабақ Өзіңді тексер!

**1-тапсырма.** Оқы. Суреттердің арасынан мәтінге сәйкес жауапты таңдап, ата.

**А** Маған бұл жануар ұнайды. Ол үлкен. Оның түсі ақ, қоңыр болады. Оның аты өте қысқа. Оның атында екі әріп бар. Бұл не?

**Ә** Бұл – өте кішкентай жәндік. Ол ұшады. Ол гүлдерді жақсы көреді. Оның екі үлкен, екі кішкентай қанаты бар. Бұл – өте пайдалы жәндік. Бірақ біз оны онша жақсы көрмейміз. Бұл не?

**Б** Меніңше, бұл жануарды бәрі жақсы көреді. Себебі ол әдемі, күшті. Оның түсі сұр, құйрығы ұзын. Біз оны қорғаймыз. Ол тауда мекендейді. Бұл не?

1 

2 

3 

4 

5 

6 

| А | Ә | Б |
|---|---|---|
| | | |

**2-тапсырма.** Мәтіндерді қайтадан оқы. **Қандай?** сұрағына жауап беретін сөздерді ата. Тыңда. Тексер.

**Қандай?**

ПРОЕКТ

**3-тапсырма.** Әр қатарға екі сөзден ата, жаз.

| аң | үй жануары | құс | өсімдік | жәндік |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| | | | | |

**4-тапсырма.** Сөйлемдерді ажыратып оқы. Көшіріп жаз. Қажетті тыныс белгілерін қой.

| бас әріп кіші әріп | нүкте | үтір | сызықша | сұрақ белгісі | леп белгісі |
|---|---|---|---|---|---|
| Аа | . | , | — | ? | ! |

түйеүлкенүйжануарыолөтемықтыжануартүйеніңтөлі ботамағанботаұнайдыоныңкөзіәдемісағанботаұнайма

**5-тапсырма.** Әңгіме туралы өзара сөйлесіңдер.






Маған бұл ертегі ..., себебі ол ... .

қызық
қызық емес
қиын
қиын емес

ПРОЕКТ

**ОЙНА ДА, ОЙЛА!**






0

Сен нешінші сыныпта оқисың?

1

Бұл не? Ол жүзе ме?



2

Бұл қандай гүл?



11




10



Күзде жапырақтардың түсі қандай болады?

9

Сен қандай үй құстарын білесің?



12

Бұл не? Оның түсі қандай?



13




14




Бұл не? Ол ұша ма?



22

Бұл не? Ол қандай?



21

ПРОЕКТ

Күзде
не жауады?



3

1 қадам артқа
Қап!

4

Саған қандай
түс ұнайды?



5

«Ғажайып бақ»
ертегісі не
туралы?

8

Қозы туралы
қандай ән бар?



7

Сұрақ жоқ!
Демал!




6

2
Алға жүр!

15

Дельфиндер қалай
ұйықтайды?



16

Бұл не?



17

Саған қай жыл
мезгілі ұнайды?



20

Қандай үй
жануарларын
білесің?

19

1
Алға жүр!

18

# МАЗМҰНЫ

Құрметті оқушы! ........ 3

I БӨЛІМ. ЖАНДЫ ТАБИҒАТ

1. Алақай, күз келді! ........ 6
2. Саябақта ........ 9
3. Үй жануарлары ........ 12
4. Кішкентай лақ ........ 14
5. Менің қошақаным ........ 16
6. Мен неге ұшпаймын? ........ 18
7. Әдемі көбелек ........ 21
8. Құстар ........ 24
9. Табиғат әлемі ........ 26
10. Менің ойымша, ... ........ 30
11. Кел, қайталайық! ........ 33
12. Өзіңді тексер! ........ 36

II БӨЛІМ. ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕН, ЖАМАННАН ЖИРЕН

1. Әдепті бала ........ 42
2. Менің дәптерім ........ 46
3. Ол қандай? ........ 49
4. Қиын жұмыс ........ 52
5. Жақсы дос ........ 55
6. Орман мектебі ........ 58
7. Кітапханада ........ 62
8. Екі дос ........ 66
9. Менің ойымша, ... ........ 70
10. Кел, қайталайық! ........ 73
11-12. Өзіңді тексер! ........ 76

ПРОЕКТ

## III БӨЛІМ. УАҚЫТ

1. Бүгін қай күн? .................... 82
2. Менің туған күнім .................... 85
3. Жылдың төрт мезгілі .................... 88
4. Сағат неше? .................... 92
5. Қайырлы таң! .................... 94
6. Сағат нешеде? .................... 97
7. Кел, жаттығу жасайық! .................... 100
8. Бос уақыт .................... 103
9. Сағат тілі .................... 106
10. Менің ойымша, ... .................... 110
11. Кел, қайталайық! .................... 113
12. Өзіңді тексер! .................... 116

## IV БӨЛІМ. СӘУЛЕТ ӨНЕРІ

1. Сен қайда барасың? .................... 122
2. Оқушылар сарайы .................... 126
3. Кел, сарай жасайық! .................... 130
4. Алма мен Бәйтерек .................... 133
5. Астанаға саяхат .................... 136
6. Пирамида жасайық! .................... 139
7. Мен сәулетші боламын .................... 142
8. Ерекше ғимараттар .................... 146
9. Менің ойымша, ... .................... 150
10. Кел, қайталайық! .................... 153
11-12. Өзіңді тексер! .................... 156
Орфографиялық сөздік .................... 160
Глоссарий .................... 162
Қазақша-орысша сөздік .................... 163
Пайдаланылған әдебиеттер .................... 164